

«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін
акцияларына иелік етуші
Жалғыз акционердің
2025 жылғы 8 қазандағы
№ 9/25 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
қағида**

Өскемен қ., 2025 жыл

1-бөлім. Жалпы қағидалар

1.1. Осы «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы қағида (бұдан әрі – Қағида) Директорлар кеңесін қалыптастыру тәртібін, «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – АҚ) Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін айқындайды, Директорлар кеңесінің жұмыс, Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру және өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін белгілейді.

1.2. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы, АҚ Жарғысында АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, АҚ Директорлар кеңесі АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын АҚ басқару органы болып табылады.

1.3. Өз қызметінде Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, АҚ Жарғысын, АҚ Корпоративтік басқару кодексін, осы Қағиданы және АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) мен Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесінің қызметіне қатысты бөлігіндегі АҚ өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

1.4. АҚ Директорлар кеңесі АҚ қызметіне жалпы басшылық жасауды іске асырғаны үшін АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) алдында жауапты болады.

2-бөлім. Директорлар кеңесінің құзыреті

2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы және АҚ Жарғысында көзделген мәселелер Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

2.2. АҚ Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жататын мәселелер АҚ атқарушы органына шешу үшін берілмейді.

2.3. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы және АҚ Жарғысында АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) немесе АҚ атқарушы органының айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы емес, сондай-ақ АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Егер АҚ Жарғысында басқаша белгіленбесе, Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

2.4. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлердің деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығыстарын, соның ішінде АҚ меншігін заңсыз пайдалану және мүддесі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдаланушылықты қадағалау және мүмкіндігінше жоюға;

2) АҚ-да корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жасауды іске асыруға тиіс.

2.5. Директорлар кеңесі өз функцияларын АҚ Жарғысына сай орындайды және келесі мәселелерге:

1) даму стратегиясын айқындауға (бағыттар және нәтижелер);

2) даму жоспарында белгіленген қызметтің негізгі көрсеткіштерін қоюға және оны мониторингілеуге;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және оны қадағалауға;

4) Директорлар кеңесі құзыретінің шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуының мониторингіне;

5) атқарушы орган басшысын және мүшелерін сайлауға, оларға сыйақы беруге, олардың сабақтастығын жоспарлауға және қызметін қадағалауға;

6) корпоративтік басқаруға және этикаға;

7) АҚ-да АҚ Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) сақталуына ерекше назар аударады.

2.6. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін орындауға және өз қызметінде АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген келесі қағидаттарды ұстануға тиіс:

- 1) өз өкілеттіктері шегінде әрекет ету;
- 2) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысу және оларға дайындалу үшін жеткілікті уақыт бөлу;
- 3) АҚ-ның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және орнықты дамуына мүмкіндік беру;
- 4) іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қолдау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- 6) барынша парасатты, білгірлікпен және байқампаздықпен әрекет жасау.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына және (немесе) АҚ Жарғысына сәйкес жүктелген функцияларын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

2.7. Директорлар кеңесі акционерлер алдында АҚ Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы жыл сайын есеп береді.

2.8 Барынша маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін АҚ-да директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөніндегі комитет;
- Аудит жөніндегі комитет;
- Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитет.

2.9. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі, оның саны, сондай-ақ сандық құрамы, функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына, АҚ Жарғысы, АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, АҚ Директорлар кеңесі бекітетін тиісті қағидалар және АҚ өзге де ішкі құжаттарына сәйкес регламенттеледі.

3-бөлім. Директорлар кеңесін құру

3.1. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) сайлайды және АҚ Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңнамасы, АҚ Жарғысы және АҚ Корпоративтік басқару кодексімен белгіленген тәртіпте қайта сайлайды.

3.2. Кемінде 6 (алты) адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамын АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) белгілейді. Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке тұлғалық сипаттамалар және гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар кіруге тиіс, олардың саны қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы қажет.

3.3. Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде АҚ мүдделерінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттары ескеріле отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталады.

3.4. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері:

3.4.1. акционер – жеке тұлғалар;

3.4.2. АҚ Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;

3.4.3 АҚ акционерлері болып табылмайтын және АҚ Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлау үшін ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.

3.5. АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. АҚ Басқарма Төрағасын қоспағанда, АҚ Басқарма мүшелері АҚ Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. АҚ Басқарма Төрағасы АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

3.6. АҚ Директорлар кеңесі мүшелері құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

3.7. Заңды тұлға АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына төмендегі тұлғалар сайлана алмайды:

- 1) өтелмеген немесе заңнамада белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы бар;
- 2) жоғары білімі жоқ;

3) заңнамада белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған өзге заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан артық емес кезең ішінде өзге заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің Төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға. Аталған талап заңнамада белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған өзге заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

4) мүдделер қақтығысы бар тұлға. АҚ-мен бәсекелес заңды тұлғаның қатысушысы, бас директоры (басқарушысы), басқару органының мүшесі немесе қызметкері болып табылатын тұлға Директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

3.8. Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындауы және АҚ ұзақ мерзімді құнының өсуі мен орнықты дамуын қамтамасыз етуі үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар, сонымен қатар мінсіз іскерлік және жеке беделі бар тұлғалар кіруге тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде:

- 1) басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) қолда бар халықаралық сертификаттарды қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыретінің болуы (салалар активтердің портфеліне қарай өзгеруі мүмкін);
- 6) іскерлік беделі;
- 7) АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда, тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады.

3.9. Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу процесі ашық болуға тиіс. Үміткерлерді іздестіру мен сайлау объективті өлшемшарттар бойынша және Директорлар кеңесі құрамының әртүрлілігі қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі.

Іздестіру және іріктеу процесі Директорлар кеңесі бүкіл құрамы өкілеттігінің және жеке мүшелері өкілеттіктерінің толық мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуіне тиіс.

3.10. Тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби және дербестілікке ие, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор болып танылады. Тәуелсіз директорларға талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және АҚ Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, оған қатысты мүдделілік бар мәмілелерді жасасу, атқарушы органның құрамына үміткерлерді жылжыту, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді түрде қатысуға тиіс.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесін жоғалту ықтималдығын және мұндай жағдайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасына алдын ала хабарландыруды қадағалауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне ықпал ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы осы ақпаратты тиісті шешім қабылдау үшін акционерлердің (Жалғыз акционердің) назарына дереу жеткізеді.

АҚ тәуелсіз директорының кандидатурасы мына критерийлерге жауап беруге тиіс:

1) АҚ-ның аффилирленген тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ (АҚ-ның тәуелсіз директоры лауазымын атқару жағдайын қоспағанда);

2) АҚ-ның қызметкері болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;

3) АҚ-ның қызметкерімен жақын туыстықта (ата-анасы, ағасы, апайы, ұлы, қызы), некеде, сондай-ақ жегжаттықта (жұбайының ағасы, апайы, ата-анасы, ұлы немесе қызы) тұрған жоқ және АҚ-ның Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде тұрған жоқ;

4) АҚ-ның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды;

5) АҚ-ның лауазымды тұлғаларына немесе ұйымдардың – АҚ-ның аффилиирленген тұлғаларының бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде аталған тұлғалармен бағыныстылықта болған жоқ;

6) АҚ-ның немесе оның аффилиирленген тұлғаларының ірі клиенті немесе өнім берушісінің аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;

7) АҚ-дан немесе оның аффилиирленген тұлғаларынан айтарлықтай қаржыландыру алатын коммерциялық емес ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды;

8) АҚ-ға немесе оның аффилиирленген тұлғаларына кез келген сипаттағы ақылы қызметтер, соның ішінде кеңес беру қызметтерін көрсетпейді;

9) АҚ қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаратын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайды;

10) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

11) АҚ аудитору болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;

12) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде АҚ аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатысқан жоқ;

13) АҚ аудиторуның немесе оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ.

14) АҚ органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келеді.

3.11. АҚ қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етуге тиіс.

3.12. Директорлар кеңесін Директорлар кеңесінің Төрағасы басқарады.

3.13. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі Төрағасының ұсынысы бойынша АҚ Корпоративтік хатшысын тағайындайды.

АҚ Корпоративтік хатшысы АҚ Директорлар кеңесіне есеп береді. АҚ Корпоративтік хатшысының мәртебесі, функционалдық міндеттері, өкілеттіктері және қызметінің басқа да мәселелері АҚ Директорлар кеңесі бекітетін АҚ тиісті ішкі құжаттарында белгіленеді.

4-бөлім. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

4.1. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге (мысалы, екі үш жылдық мерзім) сайланудың кез келген мерзімі АҚ Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директор АҚ Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, АҚ Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын АҚ Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілуі тиіс.

4.2. Өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір адам қатыспауға тиіс.

4.3. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді. АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ жаңа Директорлар кеңесін сайлайтын шешімін қабылдау сәтіне қарасты аяқталады.

4.4. АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. АҚ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату оның бастамасы бойынша АҚ Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарламасының негізінде іске асырылады. Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, АҚ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі АҚ Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

5-бөлім. Директорлар кеңесінің Төрағасы

5.1. АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен сайланады. АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

5.2. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлердің және атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.

5.3. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, АҚ Жарғысында және АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;
- 3) осы Қағиданың 7.3-тармағының талаптарын сақтай отырып, отырысты өткізу нысанын айқындайды.
- 4) АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық жасайды;
- 5) АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарында хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін әзірлеуді ұйымдастырады;
- 7) егер Жалғыз акционерімен (Акционерлердің жалпы жиналысымен) немесе АҚ Директорлар кеңесімен өзгеше белгіленбесе, АҚ атынан АҚ Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына, АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттарға қол қояды;
- 8) АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) оның сұрауларына жауаптардың ұсынылуын қамтамасыз етеді;
- 9) Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесі мүшелерінің, ірі акционерлердің және атқарушы органның арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді;
- 10) АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) жыл сайын мыналарды ұсынады:

- АҚ Жалғыз акционерінің болжалдарын іске асыру туралы есеп;
- есепті кезеңге Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызмет қорытындылары, ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіру және орнықты дамуы бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шаралар, негізгі тәуекел факторлары, маңызды оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, қатысуы, сондай-ақ басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін Директорлар кеңесінің есебі, АҚ жеке жылдық есебін дайындау туралы шешім қабылдаған жағдайда, АҚ жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

11) АҚ акционерлеріне Директорлар кеңесі және АҚ атқару органы мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат береді;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасында, АҚ Жарғысында және АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген өзге де функцияларды іске асырады.

5.4. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5.5. Директорлар кеңесі Төрағасының негізгі функциялары:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлауды және күн тәртібін қалыптастыруды;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдауы үшін толық әрі өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етуді;

3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға аударуды және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді азайтуды қамтамасыз етуді;

4) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелі болуын қамтамасыз етуді;

5) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде ірі акционерлермен консультацияларды ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті дәрежедегі коммуникация мен өзара іс-қимылды құруды;

6) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) қабылдаған шешімдерінің тиісті дәрежеде орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз етуді;

7) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, оларды шешу және олардың ұйым қызметіне жағымсыз әсерін азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ірі акционерлерді (Жалғыз акционерді) уақтылы хабарландыруды қамтиды.

6-бөлім. Аға тәуелсіз директор

6.1 Аға тәуелсіз директорды Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан сайлайды.

6.2 Аға тәуелсіз директордың негізгі функциялары:

1) Директорлар кеңесі Төрағасының кеңесшісі ретінде сөз сөйлеу және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету;

2) Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалау;

3) Директорлар кеңесі Төрағасының сабақтастығын жоспарлау;

4) акционерлер, атқарушы орган, Директорлар кеңесінің Төрағасы және басқа Директорлар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда келіспеушіліктерді шешуде делдал болу.

7-бөлім. Директорлар кеңесі отырыстарын жоспарлы тәртіпте өткізу

7.1. Директорлар кеңесі ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидаттарын басшылыққа алып, отырыстарды өткізу кестесімен қоса, өзінің жылдық жұмыс жоспарын жасайды. Директорлар кеңесінің отырыстары жүйелі түрде, алайда жылына алты реттен жиі емес өткізілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары осы Қағиданың № 1 Қосымшасына сәйкес нысанда жасалады және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

7.2. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын дайындау кезінде, сырттай отырыстардың саны барынша аз болуға тиіс.

7.3. Директорлар кеңесі бетпе-бет отырыстарда төмендегі маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарастырады:

1) АҚ қызметінің басым бағыттарын және АҚ даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда АҚ бизнес-жоспарын (даму жоспарын, бюджетін) бекіту, сонымен қатар АҚ даму стратегиясы мен

бизнес-жоспарының (даму жоспарын, бюджетін) жүзеге асырылуына мониторингті іске асыру;

2) АҚ-ның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) аяқталған қаржы жылындағы АҚ таза табысын бөлу тәртібі және АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар беру;

3) Басқарма Төрағасын қоспағанда, атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, оның өкілеттік мерзімін тағайындау, мерзімінен бұрын тоқтату және айқындау туралы шешімдерді АҚ Жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайды; атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың қызметін бағалау; атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін қызметтің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы және нақты мәндерін бекіту; атқарушы органның басшысына және мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану сондай-ақ тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

4) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Корпоративтік хатшының қызметін бағалау; Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту, есептерді қарау және Корпоративтік хатшының қорытынды нәтижелілігін бағалау, Корпоративтік хатшының сыйлықақы беру коэффициентін бекіту; Корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану, сондай-ақ тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

5) АҚ-ның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

6) АҚ Жарғысының 44-тармағы 44.23-тармақшасына сәйкес АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) жасау туралы шешімді қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, АҚ-ның ірі мәмілелерді жасауы туралы шешімді қабылдау;

7) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қор туралы Заң) сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін ұйымдармен жасалуына АҚ мүддесі бар мәмілелерді, сондай-ақ АҚ Жарғысының 44-тармағы 44.23-1–44.23-2-тармақшаларына сәйкес АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешімімен қабылданатын мүддесі бар мәмілелерді қоспағанда, жеке тұлғалармен мәмілелерді АҚ жасауы туралы шешім қабылдау;

8) Қор туралы Заңға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен жасалуына мүддесі бар ірі мәмілелер (мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны активтердің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан аз) жасауы туралы шешім қабылдау;

9) АҚ орталық аппаратының құрылымын және штат санын, сонымен қатар АҚ жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары мен тәртібін реттейтін құжаттарды бекіту;

10) АҚ басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

11) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы қағидаларды бекіту, сонымен қатар комитет мүшелерін сайлау;

12) АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерін, АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарын (АҚ ішкі құжаттарымен АҚ басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) бекіту;

- Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағида;
- тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептер;
- Ішкі бақылау жүйесі туралы қағида, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- тәуекелдер тіркелімі мен картасы;
- тәуекел тәбеті;
- АҚ ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де құжаттар;

13) АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) АҚ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері, белгілеу тәртібі және төлеу шарттары жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

14) Директорлар кеңесінің және директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалау туралы есептерді, АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті қарастыру;

15) АҚ ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау;

16) АҚ корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалау, өз құзыреті шегінде АҚ тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту, АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;

17) АҚ омбудсменін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

18) АҚ Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, қызметті бағалау, қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту, есептерін қарау және қорытынды нәтижелілігін бағалау, ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру коэффициентін бекіту; ІАҚ қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану, сондай-ақ тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау; ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын және ІАҚ қызметінің стратегиялық жоспарын бекіту (осы құжат АҚ-да болған жағдайда), ІАҚ тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

19) құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобаларды бекіту; құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруға мониторинг жүргізу;

20) Тұрақты даму жоспарын және тұрақты даму саласындағы өзге де стратегиялық құжаттарды бекіту;

21) АҚ Басқармасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін қарау;

22) комплаенс қызметінің басшысы мен комплаенс жөніндегі менеджерлерді тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту, есептерін қарау және қорытынды нәтижелілігін бағалау, «ҮМЗ» АҚ комплаенс қызметі қызметкерлеріне сыйлықақы беру коэффициентін бекіту; комплаенс қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану, сондай-ақ тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

23) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесінің құрылуы, жұмыс істеуі және нәтижелілігі туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың елеулі және/немесе жүйелі жағдайларына күдік туралы ақпаратты қарау және талдау;

24) парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі бойынша құжаттарды (саясаттарды, нұсқаулықтарды, мақсаттарды) бекіту.

Директорлар кеңесінің отырыстары, сондай-ақ заңнамаға немесе АҚ Жарғысына сәйкес, егер мұндай тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болмаса, мұндай отырысты шақыруды талап еткен адамды міндетті шақыру талап етілетін жағдайларда да бебпе-бет нысанда өткізіледі.

8-бөлім. Директорлар кеңесі отырысын шақыру

8.1. АҚ Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе АҚ атқарушы органының бастамасы бойынша, немесе:

- 1) АҚ Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) АҚ Ішкі аудит қызметінің;
- 3) АҚ-ға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) АҚ ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

8.2. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдармен қоса, АҚ Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа отырысты шақыруға бастамашы тұлғаның қолы қойылуға тиіс.

8.3. АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, АҚ Басқармасына жүгінуге құқылы, ол АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

8.4. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе АҚ Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

8.5. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

8.6. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаға Директорлар кеңесінің Төрағасы, ал отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда - АҚ Басқарма Төрағасы қол қояды. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаларды және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды АҚ Корпоративтік хатшысы немесе оның функцияларын атқарушы тұлға Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиісті отырыс өткізілгенге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын жіберуге тиіс. Негізделген өндірістік қажеттілікке байланысты және/немесе АҚ Жалғыз акционерінің/Директорлар кеңесінің тапсырмаларына/шешімдеріне сәйкес шұғыл шешім қабылдауды талап ететін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама мен материалдар кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын ұсынылады.

Бұл ретте, шешімдерді шұғыл қабылдауды талап ететін мәселелердің саны Директорлар кеңесінің тиісті отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелердің жалпы санының 20% аспауға тиіс.

8.7. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, оның күн тәртібі, сонымен қатар бетпе-бет отырыс өткізілген кезде, Директорлар кеңесі мүшесінің техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция, телефон конференцбайланысы сеансы режимінде және басқалар) пайдалана отырып қатысу мүмкіндігі туралы түсіндірме болуға тиіс.

8.8. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің АҚ Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны жөнінде Директорлар кеңесінің Төрағасына және Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

8.9. Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолданатын Директорлар кеңесі отырысының материалдарында төмендегілер болуға тиіс:

- отырыстың күн тәртібі;
- қоса берілген құжаттарды көрсете отырып, Директорлар кеңесі Төрағасының атына жазылған қызметтік жазба;
- № 2 Қосымшада белгіленген талаптарға және АҚ ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес дайындалған Директорлар кеңесі мүшелерінің атына түсіндірме жазбалар;
- құжаттардың жобалары;
- Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары;
- Басқарма шешімдерінен үзінді көшірмелер (Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) АҚ Жарғысына сәйкес АҚ атқару органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша);
- АҚ заң басқармасының қорытындысы;
- мәмілелер бойынша контрагенттерді комплаенс-тексеру нәтижесінің қорытындысы («Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ еншілес немесе тәуелді ұйымдары (бұдан әрі - ЕТҰ), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ ЕТҰ, «ҮМЗ» АҚ аффилиирленген тұлғасы болып табылатын контрагенттермен мәмілелер бойынша ұсынылмайды);
- егер болса, аталған мәселелердің күн тәртібіне енгізілгенін растайтын басқа да қосымша құжаттар.

Түсіндірме жазба мен оған қоса берілген құжаттар жиынтығы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір жекелеген мәселе бойынша әзірленуге тиіс және тиісті шешімді қабылдау үшін ақпарат болуы қажет.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселесі бойынша түсіндірме жазбаға АҚ Басқармасының шешімінде оны орындау үшін жауапты ретінде көрсетілген АҚ құрылымдық бөлімшесінің басшысы (егер мәселені шығарудың бастамашысы Басқарма болып табылған

жағдайда), корпоративтік басқару мәселелеріне жауапты қызметтің директоры, АҚ-ның құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы бұрыштама қоюға (қолтаңбаның толық жазылуымен) және мәселені күн тәртібіне енгізу бастамашысы қол қоюға тиіс.

Директорлар Кеңесінің бекітуіне шығарылатын құжаттардың жобалары АҚ-ның құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысын қоса алғанда, АҚ-ның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісілуге тиіс, бұл туралы не оларға қоса берілген басшылардың бұрыштамаларымен келісу парағы, не электрондық келісу парағы растауға тиіс немесе бұрыштамалар тікелей құжат жобасының өзінде қойылуға тиіс. Қарауға жіберілетін құжаттардың жобаларына әзірлеушінің басшысы немесе әзірлеуші әр бетін парафирлеуге тиіс, бұл ретте қолтаңба ашып жазылады.

Акцияларының (қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы АҚ-ға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын аталған заңды тұлғалардан түсетін материалдарға (түсіндірме жазба, құжаттардың жобалары) сонымен қатар тиісті заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қоюға және аталған заңды тұлғалардың құқықтық қамтамасыз ету үшін жауапты бөлімшесінің (бар болған жағдайда) немесе осы заңды тұлғаларды құқықтық қамтамасыз етуді жеке-дара іске асыратын тұлға бұрыштама қоюға тиіс. Аталған қойылған бұрыштаманы оған қоса берілген келісу парағы (басшылардың бұрыштамаларымен) немесе электрондық келісу парағы растауға тиіс немесе бұрыштамалар құжаттың жобасында тікелей қойылуға тиіс. Материалдарда акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаны құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімшесінің (болған жағдайда) не осы заңды тұлғаны құқықтық қамтамасыз етуді жеке-дара іске асыратын тұлғаның қорытындысы болуға тиіс.

Басқарманың шешімінен үзінді көшірмеге Басқарма Төрағасы және Басқарма Хатшысы қол қоюға және АҚ Басқармасының мөрімен куәландырылуға тиіс.

АҚ органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) АҚ-ға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты, отырысқа арналған материалдарды, АҚ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және АҚ Директорлар кеңесінің бетпе-бет немесе сырттай нысандарында өткізілген отырыстардың хаттамаларын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, АҚ Директорлар Кеңесінің кез келген құжаттарына қол қояды АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, мүшелері, АҚ Корпоративтік хатшысы, отырыстың бастамашылары және АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды дайындауға қатысатын тұлғалар өз қолымен немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынған электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырады.

8.10. Директорлар кеңесі тиімді әрі уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай факторлардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1) Директорлар кеңесіне берілетін материалдардың, ақпараттардың, құжаттардың жоғары сапалылығы, оның ішінде қажеттілік болған кезде ағылшын тіліне аудару;

2) қажеттілік болған кезде сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірлерін алу, сарапшыларды тарту қабылданған шешім үшін Директорлар кеңесін жауапкершіліктен босатпайтынын ескеру қажет;

3) әсіресе, маңызды әрі күрделі мәселелер үшін Директорлар кеңесіндегі талқылауларға бөлінетін уақыт;

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде одан әрі іс-қимылдардың жоспары, мерзімі және жауапты тұлғалар бекітілуі қажет.

Директорлар кеңесінің мүшелері күн тәртібіне шешім қабылдау үшін қажетті мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұратуы мүмкін.

9-бөлім. Директорлар кеңесінің отырысы

9.1. Директорлар кеңесі отырыстарын дауыс берудің нақты нысанын негіздей отырып, бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру (сырттай отырыс) нысандарында өткізу көзделеді.

9.2. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысын құрайды және техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция, телефон конференцбайланысы сеансы режимінде және басқалар) пайдалана отырып не жазбаша нысанда жазылған олардың дауыстары болған кезде қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, айқындалады. Кворумның болуын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырысқа төрағалық етуші Директорлар кеңесінің мүшесі отырыстың алдында айқындайды.

9.3. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны АҚ Жарғысында және осы Қағидада белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

9.4. Директорлар кеңесі отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне табыстауына жол берілмейді. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүддесі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

9.5. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

9.6. Дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның даусы шешуші дауыс болып табылады.

9.7. Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу туралы шешімді (бетпе-бет/сырттай) АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

9.8. Сырттай отырысты өткізу туралы хабарламаны, 3-қосымшаға сәйкес нысанда жасалған сырттай дауыс беру бюллетеньдерін, шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты (материалдарды) АҚ Корпоративтік хатшысы немесе оның функцияларын атқарушы тұлға Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдауға тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерін нақты хабардар ету күні пошта жөнелтілген күні немесе құжаттарды оған тікелей табыстау күні бойынша айқындалады.

9.9. Директорлар кеңесінің сырттай отырысын (сырттай дауыс беру) өткізу туралы хабарламада Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі, толтырылған бюллетеньді ұсынудың соңғы күні, толтырылған бюллетеньді ұсыну мекенжайы мен дауыстарды санау жүргізілетін күн болуға тиіс

9.10. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) АҚ толық атауы;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 3) дауыс берілетін шешімдердің (мәселелердің тұжырымдамаларының) жобалары;
- 4) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 5) дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс.

9.11. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдер бойынша кворум болса қабылданды деп саналады.

9.12. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған АҚ Корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы бюллетеньдерді қабылдауды аяқтаудың белгіленген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды, сонымен қатар шешімде мыналар болуға тиіс

- 1) АҚ атқарушы органының толық фирмалық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша ресімдеу күні, уақыты және орны;
- 3) сырттай дауыс беруге қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) шешім қабылдау үшін кворумның бар немесе жоқ болуы туралы жазба;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) дауыс беруге қойылған мәселелер және отырыстың күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген, дауыс беру қорытындылары;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданған шешімдер (бар болса) бойынша ерекше пікірлері;
- 9) басқа да мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, директорлар Кеңесінің мүшелеріне және АҚ атқарушы органына жолдануға тиіс.

9.13. Бетпе-бет тәртіпте өткізілген отырыста қабылданатын АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған АҚ Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлға мен АҚ Корпоративтік хатшысы АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қол қояды, шешімде төмендегілер болуға тиіс:

- 1) АҚ атқарушы органының толық фирмалық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың кворумының болуы туралы ақпарат;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) Директорлар кеңесінің алдығы отырыстарында қабылданған шешімдерге шолу және олардың жүзеге асырылу нәтижелерін бағалау;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер және отырыстың күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген, дауыс беру қорытындылары;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі жекелеген мәселелер бойынша мүдделер қақтығысы туралы ақпарат (бар болса);
- 9) талқылаулар және отырысқа қатысушылардың негізгі аргументтері/контраргументтері, сұрақтары мен жауаптары, түсініктері мен ұсыныстары туралы ақпарат;
- 10) себептердің негіздемелері, қажетті іс-әрекеттер, дәл мерзімдер мен жауапты тұлғалар туралы ақпаратпен қоса, күн тәртібінің мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің ұсынымдары;
- 11) қабылданған шешімдер;
- 12) егер Директорлар кеңесі тиісті комитеттің ұсынымдарына қайшы келетін шешім қабылдаған жағдайда, комитеттің ұсынымдарының назарға алынбау себептерінің түсіндірмесі;
- 13) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданған шешімдер (бар болса) бойынша ерекше пікірлері;
- 14) АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша басқа да мәліметтер.

9.14. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері АҚ-да сақталады.

9.15. АҚ Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді танысу үшін беруге және/немесе хаттама мен шешімнен өзінің қолы және АҚ Директорлар кеңесі мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған үзінді-көшірмені беруге міндетті.

9.16. АҚ атқарушы органының ауызша сұрау салуы бойынша АҚ атына АҚ Директорлар кеңесі отырысының шешімінен үзінді-көшірме жолданады, оған АҚ Корпоративтік хатшысы қол қояды және АҚ Директорлар кеңесі мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылады.

9.17. АҚ Директорлар кеңесінің оның отырысында қабылданатын шешімі, егер онда басқа мерзім белгіленбесе, қабылданған сәттен бастап күшіне енеді.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен АҚ Жарғысында белгіленген тәртіпті бұзып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібінде қарсы болуға құқылы.

Акционер Қазақстан Республикасы заңнамасының және АҚ Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне, егер аталған шешімде АҚ және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, сотта қарсы болуға құқылы.

10-бөлім. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

10.1. Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қағидаттарға және іскери этика нормаларына сәйкес іс-әрекет жасауға тиіс.

10.2. Директорлар кеңесінің мүшелері құқылы:

1) егер аталған ақпарат оған АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын осы Қағидаға және АҚ басқа да ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте іске асыру қажет болса, АҚ басшыларына АҚ қатысты кез келген ақпаратқа (құжаттар, материалдар) сұрау салу;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) белгілеген мөлшерде сыйақы алу;

3) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне сұрақтар енгізу;

4) АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдерімен, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және шешімдерімен, Басқарма және Директорлар кеңесі комитеттері отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысу;

5) Директорлар кеңесі отырысын кезектен тыс шақыруға бастама жасау, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру немесе өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасында, АҚ Жарғысында және АҚ басқа да ішкі құжаттарында көзделген басқа да құқықтарды іске асыру.

10.3. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес компанияларда жұмыс істемейді және лауазымдар атқармайды.

10.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің басқа заңды тұлғаларда жұмыстар мен лауазымдарды барлық қоса атқаруына Директорлар кеңесінің алдын ала келісімі бойынша ғана жол беріледі.

10.5. Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері:

1) АҚ және АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) мүдделерінде іс-әрекет жасау;

2) өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінде іс-әрекет жасау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, АҚ Жарғысына және АҚ ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттылық, айқындылық, АҚ және оның акционерлерінің мүдделері негізінде іс-әрекет жасау;

4) барлық акционерлерге әділ қарау, корпоративтік мәселелер бойынша әділ де тәуелсіз ой-пікір білдіру;

5) егер бұдан да ұзақ мерзім АҚ ішкі құжаттарында көзделмесе, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымында болу мерзімі ішінде және Директорлар кеңесі мүшесі лауазымында болу мерзімі аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) жыл ішінде қызметтік, АҚ туралы конфиденциалды ақпаратты және АҚ коммерциялық құпиясы болып табылатын мәліметтерді жарияламау және өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбау;

6) АҚ Директорлар кеңесінің бетбе-бет отырыстарына қатысу;

7) себептерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу мүмкіндігі жоқтығы туралы Директорлар кеңесінің Төрағасына және АҚ Басқармасына алдын ала хабарлау;

8) мұндай шешімдердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келу және Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі бойынша АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) және/немесе АҚ-ның мүдделеріне қайшы келмеу шартында, АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау;

9) негізді шешімдер қабылдау, ол үшін қажетті ақпаратты (құжаттар, материалдар) толық көлемде зерделеу;

10) құрамына сайланған Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысу;

11) шешімдерді қабылдау кезінде тәуекелдер мен жағымсыз салдарды бағалау;

12) өзінің аффилиирленген тұлғалары және оларда аффилиирленудің туындау негіздерінің өзгеруі туралы мәліметтерді АҚ-ға уақтылы хабарлау;

13) оның (немесе онымен аффилиирленген тұлғалардың) мүдделері мен АҚ мүдделері арасында қақтығыстың туындауына әкеліп соғатын немесе әкеліп соғуға әлеуетті іс-әрекеттерден тартыну және жол бермеу, ал туындаған жағдайда мүдделер қақтығысының бар болуы туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлау;

14) жасалуында ол мүдделі болып танылуы мүмкін болжанып отырған мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізу;

15) шешімдердің қабылдануында өзінің жеке мүддесі бар мәселелер бойынша дауыс бермеу. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшесі мұндай мүдденің болу фактісі және оның туындау негіздері жөнінде Директорлар кеңесіне дереу баяндауға тиіс;

16) АҚ Жарғысының және АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтау.

10.6. Директорлар кеңесінің мүшелері акционер (акционерлер) алдындағы фидуциарлық міндеттерді және қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға дербес жауапкершілікте болады. Өртүрлі пікірлер болған кезде Директорлар кеңесінің Төрағасы АҚ мүдделеріне жауап беретін шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері білдіретін ұсыныстардың және барлық қолайлы нұсқалардың қаралуын қамтамасыз етуі қажет

10.7. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және АҚ-ға, қоса алғанда, төмендегілердің нәтижесінде келтірілген залал, алайда бұлармен шектелмей, келтірілген залал үшін АҚ алдында және акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңымен белгіленгендей жауапты болады:

1) қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, соның ішінде өзі немесе оның аффилиирленген тұлғалары АҚ-мен мұндай мәмілені жасау нәтижесінде кіріс (табыс) алу мақсатында салдарынан АҚ зиян келуіне әкеліп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) жасауда мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы ұсыныстар және (немесе) шешімдер қабылдау.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелері АҚ-ның не акционердің залалға ұшырауына әкеп соқтырған АҚ Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

10.8. Директорлар кеңесінің мүшелері осы Қағиданың № 4 және 5 Қосымшаларына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің АҚ алдындағы міндеттемесіне және «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемесіне қол қояды.

10.9. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланғаннан кейін АҚ корпоративтік әдеп және комплаенс кодексінің мәтінімен (бұдан әрі – Әдеп кодексі) танысуға, Әдеп кодексінің қосымшасына сәйкес Әдеп кодексін ұстану туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті.

10.10 Директорлар кеңесінің мүшелері сайланғаннан кейін «ҮМЗ» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Саясатының (бұдан әрі - Саясат) мәтінімен танысуға және Саясатқа қосымшаға сәйкес Саясатты ұстану туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті.

11-бөлім. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарын өтеу, Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау

11.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау барысында олардың Директорлар кеңесі мүшелері ретіндегі функцияларын орындаумен байланысты сыйақы төленуі және (немесе) шығындары өтелуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және (немесе) шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшері Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының деңгейі АҚ табысты басқару үшін талап етілетін Директорлар кеңесінің осындай деңгейдегі әрбір мүшесін тарту, ұстау және уәждеу үшін жеткілікті болуға тиіс. АҚ Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ әзірлейтін әдіснамаға сәйкес іске асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан АҚ үшін күтілетін жағымды әсер назарға алынуға тиіс.

11.2. Егер АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырыстарының 50% кеміне қатысса немесе сырттай дауыс беруге қойылған мәселелердің 50% кеміне толтырылған бюллетеньдерді ұсынса, оған қосымша сыйақы төленбейді, сонымен қатар Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе қойылады.

11.3. Өзіне сыйақы берумен байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір тұлға қатыспауға тиіс.

Сыйақы Директорлар кеңесі мүшесінің бүкіл Директорлар кеңесінің және АҚ қызметінің тиімділігін арттыруға күтілетін үлесін әділ көрсетуге тиіс.

11.4. Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері АҚ Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Осы процесс «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ әдіснамасына сәйкес келуге тиіс. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің әрқайсысының АҚ ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына үлесін айқындауға, сондай-ақ бағыттарын анықтауға және жақсартуға арналған шараларды ұсынуға мүмкіндік беруге тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде бағалау нәтижелері назарға алынады.

11.5. Бағалау мынадай мәселелерді қарауды қамтиды, алайда бұлармен шектелмейді:

1) АҚ алдында тұрған міндеттер тұрғысынан Директорлар кеңесі құрамының оңтайлылығы (дағды, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілік);

2) АҚ пайымының, стратегиясының, негізгі міндеттерінің, проблемалары мен құндылықтарының анықтығы;

3) сабақтастық және даму жоспарлары;

4) бірыңғай орган ретінде Директорлар кеңесінің жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және атқару органының рөлдері;

5) Директорлар кеңесінде, Директорлар кеңесінің АҚ органдарымен және лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл тиімділігі;

6) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі комитеттерінің қызмет тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, атқару органының мүшелерімен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесіндегі, комитеттердегі талқылаулар сапасы;

10) корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

- 11) процестер мен құзыреттердің анықтығы;
- 12) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;
- 13) акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.

11.6. Директорлар кеңесінің Төрағасы барлық бағалау жүргізу және оның қорытындылары бойынша шаралар қабылдау процесіне жауапкершілікте болады. Бағалау процесіндегі негізгі рольдер келесідей бөлінеді:

1) Директорлар кеңесінің Төрағасы бағалау процесін басқарады, Директорлар кеңесінің барлық құрамына және оның әрбір мүшесіне кері байланыс ұсынады, бағалау қорытындылары туралы Жалғыз акционерді (ірі акционерлерді) хабарландырады және жақсартулар бойынша шараларды талқылайды, сондай-ақ бағалау қорытындылары бойынша іс-қимылдар жоспарының орындалуын бақылайды;

2) Аға тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің Төрағасын бағалау процесін қамтамасыз етеді;

3) Комитеттердің төрағалары өздері басқаратын комитеттер жұмысының тиімділігін бағалау процесін қамтамасыз етеді;

4) тәуелсіз консультант (тартылған жағдайда) модератордың және әдіснамашының рөлін атқарады, бағалау процесін ұйымдастырады және үйлестіреді;

5) Директорлар кеңесінің мүшелері белсенді қатысуды, ашықтықты, шындықты және тартымдылықты қамтамасыз етеді.

Бағалау қорытындылары барлық Директорлар кеңесінің құрамын немесе Директорлар кеңесінің жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз болып табылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызмет нәтижелерінде біршама кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы Ірі акционерлермен (Жалғыз акционермен) консультациялар өткізуі қажет.

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы» Қағидаға
№ 1 Қосымша**

**«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің
_____ жылға жұмыс жоспары**

№ р/б	Күн тәртібінің мәселелері	Отырыс нысаны	Күнтізбе		Құжаттарды дайындау үшін жауапты құрылымдық бөлімше	Ескерту
			Кезең	Өткізу Айы / Күні		
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						

Ескертулер:

1. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша жоспарланған мәселелер, өткізу күні мен нысаны өзгертілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АҚ Жарғысымен және ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртіптеріне осы Жұмыс жоспарына қосылмаған өзге де мәселелерді енгізуге жол беріледі.

Корпоративтік хатшы _____

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы» Қағидаға
№ 2 Қосымша**

**«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселе
бойынша түсіндірме жазбаның мазмұнына қойылатын талаптар**

Түсіндірме жазба 2-3 бетке жазылады (шрифт - Times New Roman, шрифт көлемі - 14), онда төмендегі ақпаратты анық және ықшамды түрде көрсету қажет:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіле отырып, CEO-1 деңгейіндегі мәселеге жауапты адам туралы ақпарат;
- 2) құпиялылықты көрсету («ҮМЗ» АҚ ішкі құжаттарының көзделген талаптарына сәйкес);
- 3) шешім қабылдау мақсаты
- 4) мәселені шығару негіздері (Қазақстан Республикасының нормативтік құқытық актілерінің, халықаралық келісімдердің, Жалғыз акционердің шешімдерінің, «ҮМЗ» АҚ Жарғысының, «ҮМЗ» АҚ ішкі құжаттарының тиісті бабына (тармағына, тармақшасына) сілтемелер);
- 5) мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығару қажеттілігінің негіздемесі;
- 6) отырысты өткізуге арналған кворум, шешім қабылдауға арналған кворум, шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны және Директорлар кеңесінің отырысын өткізу нысаны;
- 7) Директорлар кеңесі осы шешімді қабылдаған және/немесе қабылдамаған кезде болжанатын қаржылық-экономикалық, құқықтық және өзге де салдарлар мен ықтимал тәуекелдер;
- 8) «ҮМЗ» АҚ бекітілген бюджетін негізге ала отырып, директорлар кеңесінің мәселе бойынша шешімін іске асырумен байланысты болжамды қаржылық шығындар
- 9) заңнамалық актілер, қарастырылып отырған мәселе бойынша бұрын қабылданған «ҮМЗ» жоғары тұрған органдарының актілері, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің және комитеттерінің актілері, тапсырмалары және оларды жүзеге асыру нәтижелері туралы мәліметтер;
- 10) «ҮМЗ» АҚ, қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарын қарауға шығарылып отырған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес соңынан сәйкестікке келтіру қажеттілігі;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе «ҮМЗ» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жариялауға жататын корпоративтік оқиғалар туралы мәліметтер;
- 12) Басқарма шешімінің күніне, нөмірі мен тармақтарының мазмұнына сілтеме (бар болса);
- 13) Директорлар кеңесі шешімінің жобасы;
- 14) қосымшалар.

Осы қосымшада айқындалған түсіндірме жазбада көрсетілген ақпарат тізбесі толық болып табылмайды. Түсіндірме жазбаға, сондай-ақ материалдардың мазмұнына, оның ішінде мәмілені жасасу / мақұлдау / бекіту (оның ішінде шартқа (келісімге, келісімшартқа және т. б.) толықтырулар), жылдық қаржылық есепті бекіту, жаңа редакцияда әзірленген кадрлық тағайындаулар туралы құжаттарды қарау мәселелері бойынша қосымша талаптар, АҚ Директорлар Кеңесінің қарауы үшін материалдарды дайындау және ресімдеу тәртібін реттейтін АҚ-ның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы» Қағидаға
№ 3 Қосымша**

«ҮМЗ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУІНЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

«ҮМЗ» АҚ орналасқан жері («ҮМЗ» АҚ Басқармасының орналасқан жері):

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты: 20__ ж. «__» _____ сағат __: __.

Сырттай дауыс беруге арналған қол қойылған бюллетеньді 20__ ж. «__» _____ сағат __: __. кешіктірмей, «ҮМЗ» АҚ Корпоративтік хатшысына келесі мекенжай бойынша ұсыну қажет: Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/12 үй, 12 қабат, тел: 8 (7172) 55-12-95, E- mail: nzaripov@kazatomprom.kz.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді ұсыну күні мен уақыты: 20__ ж. «__» _____ сағат __: __.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібі бойынша түсініктемелер:

Сізден күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша тиісті бағанға қол қою арқылы әрбір шешімге қатысты дауыс беруіңізді сұраймыз.

Егер Сіз шешімге жақтап дауыс берсеңіз, «ЖАҚТАЙДЫ» бағанында қол қойыңыз.

Егер Сіз шешімге қарсы дауыс берсеңіз, «ҚАРСЫ» бағанында қол қойыңыз.

Егер Сіз шешім қабылдаудан қалыс қалсаңыз, «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» бағанында қол қойыңыз.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі:

- 1.
- 2.

дауыс беруге келесі ұсыныс қойылды:

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының келесі күн тәртібі бекітілсін

Дауыс беру нәтижесі:

Т.А.Ә.	Жақтайды	Қарсы	Қалыс қалды

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің №1 мәселесі бойынша:

дауыс беруге келесі ұсыныс қойылды:

1. _____.
2. _____.

Дауыс беру нәтижесі:

Т.А.Ә.	Жақтайды	Қарсы	Қалыс қалды

--	--	--	--

Ерекше пікір (болған жағдайда): _____

(қолтаңбасы)

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің №2 мәселесі бойынша:

дауыс беруге келесі ұсыныс қойылды:

1. _____.
2. _____.

Дауыс беру нәтижесі:

Т.А.Ә.	Жақтайды	Қарсы	Қалыс қалды

Ерекше пікір (болған жағдайда): _____

(қолтаңбасы)

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі _____
(Т.А.Ә.)

(қолтаңбасы)

«__» _____ 20__ ж.

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы» Қағидаға
№ 4 Қосымша**

Директорлар кеңесі мүшесінің «ҮМЗ» АҚ алдындағы міндеттемесі

Лауазымды атқаруға кірісе отырып, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне мына құқықтар мен міндеттемелерді қабылдайды:

1. Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындықты іске асыру, соның ішінде:
 - отырыстың күн тәртібімен танысу;
 - материалдарды, соның ішінде Директорлар кеңесі отырыстарын өткізу туралы хабарламаға қоса берілетін шешімдердің жобаларын зерделеу;
 - күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымын қалыптастыру кезінде қиындық туындаған жағдайда отырыс өткізілетін күнге дейін оның күн тәртібі бойынша қосымша құжаттарға, ақпарат пен мәліметтерге сұрау салу.
2. Директорлар кеңесі отырыстарында мәселелерді қарауға дайындыққа және мәселелерді қарауға қатысу, баяндамашы ретінде сөз сөйлеу, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар мен ескертулер енгізу.
3. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу.
4. Директорлар кеңесінің отырыстарына себепсіз қатыспауға жол бермеу.
5. Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беруден қалыс қалу жөнінде шешім қабылдаған немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырыстарында күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беруге қатысу.
6. «ҮМЗ» АҚ Жарғысы мен «ҮМЗ» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес, өз өкілеттіктерін адал, дұрыс іске асыру.
7. Өз міндеттерін орындау кезінде ҚР заңнамасын, ҚР басқа да нормативтік актілерін, «ҮМЗ» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарын, Акционерлердің жалпы жиналысы мен «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алу.
8. «ҮМЗ» АҚ мүддесі үшін іс-әрекет жасау, Директорлар кеңесінің жұмысына «ҮМЗ» АҚ табыс алуына және дамуына қолдау көрсететіндей қатысу.
9. Директорлар кеңесінің мүшесіне өз міндеттерін орындауымен байланысты мәлім болған мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау.
10. Директорлар кеңесі мүшесі мүддесінің және «ҮМЗ» АҚ мүддесінің арасында қақтығыс туындауына әкеліп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасамау.
11. Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы және нақты орындау.
12. Өз дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне табыстамау.
13. Директорлар кеңесі мүшесінің жеке жұмыс жоспарына және Директорлар кеңесінің аталған органдарының қызметін регламенттейтін «ҮМЗ» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысу.

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі _____
(Т.А.Ә.)

_____ (қолтаңбасы)

«__» _____ 20__ ж.

**«Үлбі металлургиялық зауыты»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы» Қағидаға
№ 5 Қосымша**

**«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің
күпия ақпаратты жария етпеу туралы
МІНДЕТТЕМЕСІ**

Мен, _____, «ҮМЗ» АҚ Директорлар
(ТАӘ)

кеңесінің мүшесі бола тұра, «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін орындау мерзімі ішінде және «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде қызметтік ақпарат пен «ҮМЗ» АҚ коммерциялық күпиясын құрайтын ақпараттың күпиялылығын сақтауға, оны жария етпеуге және жеке мүддеде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ақпаратты жариялау туралы мұндай талапты сот және / немесе құқық қорғау органдары, сондай-ақ халықаралық арбитраж органдары (егер қарастырылып отырған талап Қазақстан Республикасының заңнамасының, арбитраждық келісімнің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де негіздемелердің күші нақты жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі үшін міндетті болса) ұсынған жағдайларда жоғарыда аталған ақпаратты ашуға менің құқығым осы міндеттемедегі ерекше жағдай болып табылады.

«ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

(Т.А.Ә.)

(қолтаңбасы)

«__» _____ 20__ ж.

Аударған: Молдаханова Д.

